

УДК 371.13:371.38

БОЛАШАҚ ТЕХНОЛОГИЯ МҮҒАЛІМІН КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУ МАЗМҰНЫН
ЖЕТІЛДІРУ МҮМКІНДІКТЕРІ Р

С.А.Жолдасбекова, Қ.Р.Қалабаева
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Егеменді Қазақстан жағдайында жалпы білім және тәрбие беретін мекемелер желісінің ұлғая түсуі кәсіптік-техникалық, арнайы, орта және жоғары оқу орындарының жаппай мамандар дайындау жөніндегі мәселелер маңызды орынға ие. Бүгінде педагогикалық процестің

сапасы мұғалімнің жалпы дайындығына, педагогикалық біліміне, және әдістемелік шеберлігіне байланысты.

Бүгінде жоғары мектептің, ең алдымен оқытудың мазмұнына қатысты жұмыстарын жақсарту жөнінде ұсыныстар жасады. Қазір университеттерде "Қоршаған орта және адам", «Өркениеттің мәдениеті және өзара әсер ету проблемалары», "Табиғатты жан-жақты танып білу" секілді осы заманғы тақырыптар бойынша жаңа көбіне ғылымаралық пәндер енгізілуде. Мұның өзі университеттердегі курстарды диверсификациялауға және жаңа оқу әдістерін пайдалануға мүмкіндік береді, әрі мұғалімдерді кәсіби іс-әрекетке даярлау мазмұнын жаңартуды қажет етеді.

Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетке кәсіби дайындығын қалыптастыру проблемалары жөнінде Н.В.Кузмина, С.С.Овчининев, И.Ф.Харламова, Е.Л.Антипова, А.П.Черных, және т.б. еңбектерінде қарастырылған. Мұғалімнің жеке басын қалыптастырудың теориялық негіздері бойынша белгілі ғалымдар В.А.Сластенин, Н.В. Кузмин, А.Ы. Сейтешов және т.б. еңбектерінде зерттелген. Еңбек пәні мұғалімдерін дайындау бойынша зерттеу жұмысын жүргізген ғалымдар Ю.К.Васильев, У.Н.Нышаналиев, К.Ә.Дүйсенбаевтардың зерттеу еңбектерінде қарастырылған. Мәселен, Ю.Н.Васильев болашақ орта мектеп мұғалімдерінің политехникалық дайындығын шешу мақсатына жетудегі құрал ретінде қарастырған. У.Н.Нышаналиев еңбекке баулу мұғалімдерін кәсіби даярлау жүйесіндегі политехникалық дайындықты қалыптастыру құралдарының, формаларының және әдістерінің тарихи даму жолдарын анықтаған. Ал еңбек пәні мұғалімдеріне педагогикалық білім беру мазмұнының теориясы мен практикасы пайда болуы мен дамуы мәселелерінің (1996-жылға дейін) республикадағы реформалардың жүзеге асырылу және білім беруді стандарттау жағдайына дейінгі кезеңді зерделеу бойынша зерттеу жұмысын К.Ә. Дүйсенбаев жүргізген. Болашақ еңбек пәні мұғалімдерінің кәсіби дайындығын арттыруға бағытталған даярламалар түзудің тәжірибесі, мектептегі еңбекке баулу мәселесімен ғана шектелмей, жергілікті аймақта мектеп оқушыларын еңбекке дайындаудың бағыты мен мұғалімдердің дайындығына байланысты.

Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерін талдау нәтижесінде Ресейде еңбекке баулу XIX ғасырдың 80 жылдарының ортасында жалпы білім беретін пән ретінде енген (Л.А.Лиферовтың жазуы бойынша 1866 жылы, Ю.П.Аверичевтің жазуы бойынша 1884 жылы. Еңбекке баулуды қолға алу негізінен халықтың тұрмыстық қажеттерін өтеуге деген сұраныстың туындауынан болғандығын көруге болады.

Мектепке "Қол еңбегі" енгеннен кейін сабақты қалай ұйымдастыру, ол пәнді оқытуға мұғалімнің дайындығы қандай болу керек деген мәселе қойылды. Осы мақсатта Ресей ғалымдары шет елдердегі қол еңбегін оқытуға байланысты тәжірибені пайдаланды. Соның негізінде 1866 жылдан бастап халық мұғалімдері үшін алты айлық курстар ұйымдастырылды. Онда қол еңбегінің пайдасы жөніндегі лекциялармен қатар, ағаш ұсталығы, шетка жасау шеберлігі, сондай-ақ ағашты ою, шыбықтан және сабаннан корзина тоқу, аралау, түптеу жұмыстарына арналған практикалық сабақтар өтілді.

1860 жылдардан бастап жекелеген мұғалімдер семинарияларында «Жер ісі» арнайы курсы, қыздар бөлімінде "Қол ісі" курсы бойынша қосымша сабақтар жүргізілді. Педагог Отто Соломон мұғалімнің жеке басының шеберлігінің жеткілікті болуына көңіл аудармай, негізгі мәселе, бұйымды баланың міндетті түрде жасау шеберлігіне көңіл аудару керектігін айтып, тек нұсқау берумен шектелуі керек деп есептеді. Біздің ойымызша бұл біржақты пікір, өйткені мұғалім оқушының бұйымды қалай жасауға үйрету үшін өзінің де шебер болуы керек, яғни үлгі көрсетіп нұсқау беру үшін ол кәсіпті өзі толық әрі жан-жақты меңгеруі қажет.

Еңбек профилі мұғалімдеріне кәсіби педагогикалық білім беру мазмұнын құрастырудың методологиялық негіздері тақырыбында орындалған К.А.Дүйсенбаевтің докторлық диссертациясында, зерттеу жұмысы нарықтық экономика жағдайында жоғары оқу орындарын еңбек пәні мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық білім мазмұнын үздік жетілдіріп отырудың ең тиімді жолдары мен уақыт мөлшерін ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеуге арналды. Зерттеудің құндылығы еліміздің нарық заңдылығына сай әлемдік экономикалық аймаққа енуі, оның білім беру саласындағы талаптарына байланысты жоғары білім берудің дүниежүзілік жүйесі мен тәжірибелерін сараптап, ғылыми негізделген тиімді оқу жоспарлары мен пәндік бағдарламалар жасау арқылы мамандар даярлаудың жолдары мен әдістемелері ұсынылған.

Сонымен қатар еңбек пәні мұғалімдерінің білім мазмұнын үздіксіз дамыту жолдарын жүйеге келтіріп алу үшін оның ең тиімді ортақ мөлшерін мемлекеттік тұрғыда анықтай алу қажет. Ондай үлгідегі құжаттар мен оқу жоспарларын сапалы жасауда жергілікті жоғары оқу орындарының мамандарының мүмкіндігі болмаған. Себебі бұрын оқу-бағдарламалық құжаттардың барлығы жоғарыдан жіберіліп отырған. Осыған орай К.А.Дүйсенбасв бұл мәселелерді шешу мақсатында мұғалімге педагогтік білім беру теориясы мен мазмұнын құрастырып, оны түбегейлі зерттеумен бірге, еңбекке баулу пәні мамандарының шығу төркіні, алғашқы тәжірибелері, көне тарихынан бастап бүгінгі кезеңге дейінгі өсу жолын қарастырған; мамандық бойынша жоғарғы білім берудің тиімді мөлшерін мемлекеттік стандарт деңгейіне дейінгі қалыпқа келтіру мақсатында мұғалімді дайындаудың қазіргі жағдайдағы мазмұны мен теориясына талдау жасалып, баға берілген; маман даярлаудағы бұрынғы және қазіргі тәжірибелерді пайдалана отырып, кәсіби-педагогтік білім берудің әдістемелік жолдары мен жобалары қарастырылған; еңбек технологиясы мен бизнес; өндіріс негіздері, жалпы техникалық пәндер оқытушыларын және түрлі кәсіпкерлік мамандарды даярлау мақсатында кәсіби-педагогтік білім беретін пәндердің құрамы айқындалып, оқу жүйесінің үлгі-жобасы ұсынылған; болашақ еңбек пәні мұғалімдерін даярлауда бұрынғы және қазіргі мәліметтер мен тәжірибелерді қарап, оны жетілдіруді жаңа ғылыми-практикаға негізделген ұсыныстар берілген. Еңбек сабағы пәні мұғалімін даярлауда, оларға педагогтік білім берудің мазмұнын жетілдіруде пәндік құрамы анықталып, олардың байланысын іске асырудың жолдары көрсетілген; білім сапасы мен оның ғылыми деңгейін жетілдіруде уақыт мөлшерін анықтаудың мүмкіндіктері қарастырылған, жалпы техникалық және еңбек пәні мұғалімдерінің кәсіби маман ретінде даярлау талабына сай оқу жүйесін ұйымдастырудың түрлері мен пәннің мамандыққа сай қатысты орны мен оқытылу рет-тәртібі анықталған.

Дегенмен, болашақ еңбек технологиясы мен кәсіпкерлік мамандығы бойынша мұғалімнің сапалы дайындықтарына қарай кәсіби іс-әрекеттің тиімділігін артыру бүгінгі заман талабына сай өзгеріп отыр. Студенттерді жоғары педагогикалық мектепте дайындаудың теориялық және практикалық түрлері бар. Ол оқушыларды кәсіби-педагогикалық дайындаудағы барлық компоненттерде көрініс табады.

Республикамыздың егемендік алуына сәйкес білім беру саласында, оның ішінде мұғалімдерді дайындауда да бірақатар өзгерістер болды. XX ғасырдың 90-шы жылдардың ішінде еңбек пәні мұғалімдерін дайындаудағы оқу жоспарлары өзгерістерге ұшырап, маман дайындау 5 жылдық оқу мерзімінен 4 жылдық оқу мерзіміне ауыстырылды. Мамандықтың квалификациясы өзгерді, жаңа стандарт бекітілді (1995 жылы). Жаңа Стандартқа сәйкес "Еңбек" пәні мұғалімдерін дайындайтын мамандық 0313 - "Еңбек" деп аталды.

«Еңбек» пәні мұғалімдерін дайындаудың бекітілген стандартына сәйкес оқу жоспарымен маман дайындау жүзеге асырылды. Онда мынадай пәндер: әлеуметік-гуманитарлық пәндер, жаратылыстану-ғылыми пәндер; жалпыкәсіби пәндер; мамандандыру пәндері циклдеріне оқыту мазмұны қарастырылды.

90-шы жылдардағы еңбек пәні мұғалімдерін дайындайтын оқу жоспарында қызмет көрсету еңбегі мұғалімін дайындауға байланысты пәндік толықтыруларды көруге болады, оның ішінде қыздарға: "Текстиль материалдарының негіздері", "Материалдарды өңдеу және машиналар мен жабдықтар теориясы", "Костюм тарихы", "Киімді көркемдеп сәндеу" сияқты пәндер жоспарланған.

1996 жылдары «Еңбек және бизнес негіздері» мамандықтары дайындалды. 2000 жылы ҚР Білім және ғылым министрлі бекіткен классификатор бойынша 0313-"Кәсіптік оқыту және еңбек" мамандағы болашақ оқытушылар дайындалды. Ал, 2001-2002 оқу жылында 031340-Кәсіптік оқыту (профиль бойынша), 032040- Еңбек технологиясы және кәсіпкершілік мамандықтары бойынша мамандар дайындалуда. Дегенімен 2004-2005 оқу жылында оқуға қабылданытын талапкерлер классификаторында тек 050120-Кәсіптік оқыту мамандығына оқытушылар дайындау жоспарланып, еңбек технологиясы мен кәсіпкерлік мамандығына мұғалімдер дайындау осы тұста мамандану ретінде тіркеліп отыр. Яғни, технология мұғалімін кәсіптік оқыту мамандығының ішіне енгізіп отыр. Республика бойынша бізге белгілі бүгінгі күнде жалпы білім беретін мектептерде "Технология" білім беру саласы бойынша 9-сыныпқа дейін оқушыларға сабақ өтуде. Ал, осы технология мұғалімін дайындау мәселесіне селқос қарау келешек ұрпақ алдында біздің жіберетін қателігіміз болып саналады. Себебі, технология

сабағы тек ағаш жону, тігіс тігу немесе аула сыпырумен шектелмейді, технология сабағында біз жастарды болашақ инженер, конструктор, технолог мамандығының негізін қалауға үйретеміз. Осы орайда болашақ мұғалімдерді дайындауда технология мұғалімінің беделін көтеріп, оған мамандығына сай жан-жақты теориялық білім берумен қатар технологиялық ептілігі мен дағдысын арттыру мақсатында жаңа стандарттар мен типтік оқу жоспарлары, оқу бағдарламалары, жеке пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер дайындалып отыр.

Болашақ технология пәні мұғалімін кәсіби іс-әрекетке дайындау мазмұнын жетілдіруде төмендегідей тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

1. 032040-Еңбек технологиясы мен кәсіпкерлік мамандығы бойынша болашақ технология мұғалімдерін дайындау тиімділігін ескере отырып, оларды оқыту мазмұнын жетілдіруде ақпараттық технология мүмкіндіктерін ескеру керек.
2. Оқытудың инновациялық технологиясын пайдаланып, білім негіздеріне үйрету жақтарын болашақ мұғалім дайындау барысында қолдануды басшылыққа алуда, білім сапасын дүние жүзі білім беру деңгейіне сай көтеруді қажет етеді.
3. Мамандыққа сай "Оқытудың жаңа технологиясы" және "Технология мәдениеті" жеке пән ретінде болашақ технология пәні мұғалімін дайындау мазмұнына ендірілсе.

Әдебиет

1. Көшербаев Қ.Е., Ахметов А.Қ., Әбілқасымова А.Е., РахымбекХ.М. Қазақстан Республикасында жоғары білімді дамыту стратегиясы. -Алматы: Білім, 1998. - 232 б.
2. Дуйссыбаев К.А. Развитие содержания профессионально-педагогического образования учителя труда в вузе. – А.: Ғылым, 1995. – 350 с.

Резюме

В статье рассмотрены пути и условия совершенствования содержания подготовки будущих учителей технологии к профессионально-педагогической деятельности. Даны краткие характеристики исторического развития содержания и особенностей подготовки учителей трудового обучения в различные периоды.

Summary

In the article the perfection ways of future teachers' preparation, technologies of professional pedagogical activity are considered. Short characteristics of content's historical development and peculiarities of lab our studying teachers preparation in the different periods are given.